

Қазақстан Республикасындағы «Үш тұғырлы тіл саясаты»: жоба, мүмкіндігі, артықшылықтары

Турарбеков Д.М.,

Аубакирова А.С.

физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің

мұғалімдері

Астана, Қазақстан

«Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасының бекітілуі

Қазақстанның ресми тілі -қазақ тілі екені белгілі, алайда Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша мемлекетіміздің экономикалық жағынан дамуы үшін өзге тілді де меңгеруіміз қажет. Елбасы: «Қазақстан халқы әлемде үш тілді қолдана алатын жоғары білімді мемлекет деп аты шығуы қажет. Олар: қазақ тілі -мемлекеттік тіл, орыс тілі -ұлтаралық тіл және ағылшын тілі -әлемдік экономикаға интеграцияланудың тілі» -деген болатын. Мемлекет басшылары Қазақстан Республикасының тұрғындарын қазақ тілінен басқа, орыс және ағылшын тілдерін үйренуге насихат жүргізуде және соған орай бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру мақсатында түрлі іс шараларға қаржы бөлінуде.

Көптілдік білім беру жүйесі туралы идеясы бірінші Нұрсұлтан Әбішұлы 2006 жылдың қазанында Қазақстан халқының Ассамблеясында алға қойған. Ал 2007 жылдың ақпанында «Жаңа әлемдегі Қазақстан» жолдауында «Қазақстан Республикасындағы үш тұғырлы тіл» атты мәдени жобаның кезең-кезеңмен іске асырылуы ұсынылды. Жоба мемлекеттік деңгейде 2007 жылдың шілдесінде қабылданды. «Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасының мәні әрбір қазақстандық азаматтың үш тілді меңгеру идеясына деген қызығушылығын арттыру, сондықтан оқу орындарындағы білім беру жүйесі, мектеп және жоғарғы оқу орындары, осы мақсатты жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету керек. Жобаның негізгі мақсаты – экономиканың өсуіне болысу және жағдай жасау.

Ал тілдің үш тұғырлығы идеясының пайда болу себептері неде? Біріншіден, мемлекеттік тілді біле тұрып, бірнеше тілдерді білген азаматтардың бәсекеге қабілеттіліктері неғұрлым артады, ол жұмыстың өнімділігін де өсіреді. Бірнеше тілді меңгерген мамандардың арқасында елдің экономикалық жағдайы тұрақтанып, өсуге барады деген болжам жасалынуда. Себебі, Қазақстанның шет елдермен экономикалық және дипломатиялық қатынастары күннен-күнге дамуда, сондықтан халықаралық аренада еліміздің беделін қорғап, мемлекетаралық байланыстарды дамытатын мамандар қажет.

Екіншіден, халық үшін жұмыссыздық мәселесін шеше алады деген сенім бар. Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 2013 жылы 5,3% немесе 467,9 мың адамды құрды. Көп компаниялар мен кәсіпорындар заңгерлер мен экономистерге зәру. Еліміздегі жас мамандардың жұмыссыз отырған себептерінің бірі жұмыс берушілердің мемлекеттік тілмен қатар шетел тілдердің білуін талап етуі. Аталмыш кадрлар мәселесін «Үш тұғырлы тіл» саясаты шешіп беріледі деген оймен жобаіске қосылды.

Үш тұғырлы тіл жобасының алғашқы алған бағыты -орта білім беру орындары, яғни Республикамыздағы мектептер. 2007 жылдан бастап ірі қалаларың мектептеріне ағылшын тілі мен орыс тілін оқыту бағдарламалары жанартылды және сол тілдердің меңгерілуіне үлкен көңіл бөлінуде. Сондықтан, оқушыларға арналған шет тілдерін оқытудың жаңа технологиялары қолданылып, барлық мүмкіндіктер жасалған.

«Үш тұғырлы тіл» саясатының мүмкіндіктері мен артықшылықтары

Алайда, бағдарламаның кемшіліктеріне қарамастан, мемлекетіміздің дамуына, өркендеуіне үлесін қоса алатыны сөзсіз. Қостілділік пен көптілділікке негіз болып отырған, біріншіден, жаһандану, яғни әлемдік нарықтық экономика мен бизнес, екіншіден, әлемдік ақпарат кеңістігі – интернет, үшіншіден, саяси факторлар (миграция, иммиграция), төртіншіден, жеке бастың стимулы мен мотивациясы. Тіл саясатының жан-жақты жүргізілуі Қазақстан жерінде тұратын барлық ұлт өкілдерінің конституциялық құқықтарының сақталуының, мемлекеттегі тұрақтылықтың кепілі.

Орыс тілі заңмен бекітілген ресми тіл. Алайда орыс тілінің мемлекеттегі екі үлкен функциясын айтуға болады: бірі – ұлтаралық қатынас тілі, екіншісі – халықаралық қатынас тілі. Соңғы функцияны орыс тілі ағылшын тілімен қатар атқарады. Рас, орыс тілі еліміздегі ұлттардың өзара қатынас тіліне айналған, бірақ орыс тілі бұл қызметті қазақ тілімен қатар атқаруда. Осы жағдайдың орын алуына себеп болған бірнеше факторлар бар. Біріншіден, қазақ елі Ресей Федерациясымен шекаралас және саяси-экономикалық жағынан әрі әріптес, әрі одақтас. Қазақстан мен Ресей 178 салада өзара әріптес. Біздің Ресеймен тығыз қарым-қатынаста болуымыз орыс тілінің маңыздылығын айқындап тұрған ең негізгі көрсеткіш. Орыс тілі Еуроодақтың да, ТМД елдерінің де саясат жүргізетін саяси тілдерінің бірі. Екіншіден, бұқаралық ақпарат құралдарының Ресеймен тығыз байланыста болуы, жергілікті ақпарат көздері Ресей ақпараттарына сүйенеді. Сонымен қоса, ғаламтор ресурстары да тікелей Ресейдің орыс тілді ғаламтор ақпарат көздерімен байланысты. Ал орыс тілді ақпарат қоймасы АҚШ пен Батыс елдерінің ақпараттарымен қамтамасыз етіледі. Демек, орыс тілі бұқаралық ақпарат құралдарында өткізгіш қызметін атқарады, әлемде болып жатқан жаңалықтардың көзі. Үшіншіден, орыс тілінің Қазақстандағы әлемдік кеңістіктің көпірі ретінде атқаратын қызметі ғылым саласында дамыған, сондықтан Ресей ғылымымен де тығыз байланыстамыз.

Осы себептерге байланысты Қазақстан халқының орыс тілін меңгеруі өте маңызды және еліміздің болашағы үшін керек нәрсе.

Әлемдік қауымдастықта айшықты орын алуды өзіне биік мақсат етіп қойып отырған Қазақстан мемлекеті үшін экономикалық, интеграциялық байланыстарды нығайта түсуде ағылшын тілінің орны ерекше. Сонымен қоса, шет тілін оқу қажеттілігі Республикамыздағы көп ұлттық компаниялардың көбеуі мен халықаралық ұйымдарға мүше болуынан туындады. Осы жолдағы маңызды қадам болып Қазақстанның Болон келісім шартына қосылуы. Мемлекетімізде оқу орындарындағы оқытылатын ең таралған шет тілі де ағылшын тілі болып келеді.

Ақпараттар ағыны қарқындаған дәуірде, жаңашыл технологияларды қолдануға сұраныс артқан уақытта өмір сүріп жатқан қазақстандық әрбір азаматтың осы тілді меңгеруге деген құлшынысы, сондай-ақ уақыт талабы да күн өткен сайын күшейе түсуде. Қазақстан алдағы уақытта Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруге, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуге ниет білдіріп отыр. Осы жағдайда халықаралық тіл – ағылшын тілін жетік, кәсіби түрдебілу қажеттілігіарта түседі.

Осы тілдерді дамыту және білім беру жүйесіне енгізу жас өркендеп келе жатқан мемлекетімізге көптеген артықшылықтар береді. Біріншіден, бүгінгі күні ағылшын тілін білу ақпарат мен инновациялық жаңалықтарға толы ғаламдық әлемге жол ашады. Бұл тілді меңгерген адамның шет мемлекеттердің мықты жоғарғы оқу орындарында білім алып, әлемнің түпкір түпкірінен тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Бірнеше тілдерді меңгеру адамның ой-өрісін кеңейтіп, байланысқа бейімділігін жақсартады. Сонымен қоса, үш тілді меңгерген түлектер мен студенттер шетелдегі атақты жоғарғы оқы орындарында білім алуға үлкен жеңілдікке ие болады, себебі АҚШ, Ұлы Британия, Канада және басқа мемлекеттердің ағылшын тілінде білім беретін университеттеріне түсу үшін ағылшын тілінен тапсырушылардың білімін тексеретін IELTS, TOEFL, ВСЕРТ халықаралық эмитхандарды тапсыру қажет. Әрине, бастауыш сыныптан немесе 5-6 сыныптан шет тілін, яғни ағылшын тілін, оқыған оқушылардың осы эмитхандарға дайындығы жоғары болады, сонда түлектердің басқа пәндік эмитхандарға көңіл бөлуге уақыты көбейеді. Бұл сонымен қоса, студенттердің шет мемлекеттердегі өмірі мен оқуын жеңілдетеді, тілмен байланысты қиындықтарға тап болуы да жиірек болады және қазақ жастарының оқу тиімділігін арттырады.

Екіншіден, ағылшын тілін білу әлемнің кез келген нүктесінде бизнесті жүргізудің басты талабы. Шет тілдерін меңгерген мамандарға деген сұраныстың жоғарылауына байланысты, ағылшын тілінде еркін сөйлей алатын азаматтардың шетел компанияларында жұмыс істеп, тәжірибе алмасуға, әлемнің кез келген жерінде тұруға мүмкіндіктері артады. Қазақстан үшін тілдің үш тұғырлығы елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын бірінші баспалдақ болып табылады. Сонымен қоса, бұл еліміздің халықаралық дипломатиялық қатынастарының дамуына үлесін қосып, республикамыздағы жаңа инновациялық-ақпараттық дамуды жылдамдатады. Бірнеше тілді білу өзге ұлттардың мәдениеті мен салт-дәстүрлерін түсінуге және құрметтеуге, ұлттаралық қатынастардың жақсаруына үлесін қосады.

XX ғасырдың 90-жылдарынан XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында тіл саясатының негізгі бағыт-бағдары қалыптасып, үш тұғырлы тіл саясатының маңызы мен мәні халық арасында түсіндіріліп келсе, XXI ғасырдың екінші он жылдығынан үш тұғырлы тіл саясатын жүзеге асырылуы басталды. Оның айқын дәлелі ретінде 2011-2020 жылдары аралығында тілдерді қолдау мен дамыту бағдарламасының қабылдануын растайды. Қазіргі кездегі тіл саясатының Қазақстандық моделі атала бастаған, үш тұғырлы тіл саясаты кеңінен қанат жайып, Қазақстанның тұрақтылығы мен халқының келісімнің кепіліне айналып, ел азаматтарының конституциялық құқықтары мен

бостандықтарының жүзеге асырылуының құралына айналды. Сонымен қоса, Қазақстандық тіл саясатының әлемдік қауымдықтастыққа кірігудің басты ұйытқысы болып, Қазақстандық білім беру беру жүйесін модернизациялаудың құралы болып, сапалы білім беру арқылы қазақстандық қауымдастықтың қоғамдық сана-сезімін өзгертіп, жаңа форматтағы азаматтарды тәрбиелеуді жүзеге асыруда. Бірақ байқағанымыздай үш тұғырлы тіл саясатына қазақстандық ұлттық зиялы қауымның бір тобы мемлекеттік тілге алаңдаушылық білдіруде. Оның объективті себептері де бар, біріншіден, мемлекеттік тілдің меңгерілуіне қарағанда, басқа тілдердің, әсіресе ағылшын тілінің меңгерілуі басым түсуде. Мемлекеттік тілде таратылатын ақпарат құралдарының мүмкіндігі мен кеңістігі шектеулі. Ағылшын тілінің мемлекеттік тілдің негізінде емес, ресми тілде меңгерілуі де күмән келдіруде. Сонымен қоса, ағылшын тілімен бірге, еуропалық өмір сүру мәнері де еніп, құндылықтар жүйесінің де өзгеруі мүмкіндігі бар. Көптеген еуропалық құндылықтар, жас буыннан қарағанда аға буынды мазасыздандырады. Десе де, Елбасы қазақ ұлтының кейінгі кездегі демографиялық өсімі мемлекеттік тілдің қолдану аясы мен дамуын күшейтетін фактор ретінде атап айтқан. Сондықтан бұл мәселелер аға ұрпақты жас ұрпақтың алмасуына байланысты шешілу ықтималдығы жоғары. Тіл саясатындағы ең күрделі мәселелердің бірі тілдердің арасындағы ара салмақты анықтау. Бір тілдің екінші бір тілдің қолдануы аясына шектеу қоймау, шегін анықтау өте қиын. Алайда, қиындықсыз даму жоқ дегендей, еліміздің болашағы үшін, экономиканың дамуын, әлемдік интеграцияланудың сәтті өтуін, Қазақстанның ең дамыған 50 мемлекеттердің қатарына қосылуы үшін қазірден бастап тілдік саясаттың тиімді жүргізілуіне айрықша көңіл бөлу керек. Қорыта айтатын болсақ, ұзақ мерзімде мемлекет басшыларының жүргізіп жатқан «Үш тұғырлы тіл» саясатының еліміз үшін тиімді екенін көруге болады, себебі тұрақты дамып келе жатқан Қазақстан экономикасының жаңа деңгейге көшуіне зор үлесін қосады, алайда бұл бағдарламаның басты қауіпін алдын алу үшін мемлекеттік тілді дамытуда ұдайымытпау қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://kk.wikipedia.org/wiki/> - Халықаралық тілдер жайлы статистика мәліметтері
2. Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы, 1997ж
3. <http://kk.wikipedia.org/wiki/> – Халықаралық тілдер жайлы статистика мәліметтері
4. Аркен Сеитов, «Триединство языков»
<http://www.baiterek.kz/index.php?journal=28&page=386>
5. <http://www.bnews.kz/ru/news/post/153369/> - Bnews онлайн жаңалықтар порталы
6. <http://ru.wikipedia.org> – Қазақстандағы тілдік саясат туралы мақала
7. <http://www.nomad.su/?a=14-200809170322> – Наталья Вдовина, орыс тілді мектептердің ұстаздарының ассоциациясының төрайымы

8. <http://www.bnews.kz/kk/news/post/52449/> - Bnews онлайн жаңалықтар порталы
9. Слямбеков Қымбат, «Қазақстандағы орыс тілінің "орынбасарлығы"», <http://mtdi.kz/til-saiasaty/aleumettik-lingvistika/3003-kazakstandagy-orys-tilinorynbasarlygy>
10. <http://www.neweurasia.net/ru/culture-and-history/skolko-kazahov-znayut-angliyskiy/> - English First компаниясы жүргізген сауалнамасының қорытындылары
11. <http://baq.kz/kk/news/25697> - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының Төрайымы К. Шамшидинованың сұхбаты
12. <http://www.bnews.kz/kk/news/post/84483/> - БҒМ Жоғарғы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Фатима Жақыпованың сұхбаты
13. http://baq.kz/kk/regional_media/post/26393

КЛУБНЫЙ ОТДЫХ КАК ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ И ПРИВЛЕЧЕНИЯ ТУРИСТОВ

Плешакова Е.С.

*Костанайский государственный педагогический институт,
Костанай, Казахстан*

В течение многих лет туризм является фундаментальной основой экономики многих развитых и развивающихся стран.

Наряду с развитием рынка традиционных туристских услуг существенное развитие приобретает один из наиболее динамично развивающихся секторов туризма - система владения клубным отдыхом, более известная как «таймшер». В настоящее время эта система, возникшая как способ повышения, эффективности гостиничных средств размещения, получила свое развитие в 81 стране мира.

В литературе встречаются различные определения таймшера. Всемирная туристская организация (ВТО) определяет таймшер как «собственное жилище, арендуемое на основе очередности». Туристский терминологический словарь формулирует понятие таймшера как «владение временем на отдых в рамках клубного отдыха». М.Б. Биржаков под таймшером понимает «совместное владение недвижимостью (кондоминиумом) с возможностью пользоваться ею на протяжении определенного времени, пропорционально денежному взносу» [1]. По мнению Д.А. Ковалева «таймшер (англ. timeshare) – международная система обмена отдыхом среди совладельцев курортных отелей клубного типа» [2].